# Жақсы жүрек

شركاء التنفيذ:

دار الإسلام جمعية الربوة رواد الترجمة المحتوى الإسلامي

يتاح طباعة هذا الإصدار ونشره بأي وسيلة مع الالتزام بالإشارة إلى المصدر وعدم التغيير في النص.


Telephone: +966114454900
ceo@rabwah.sa
P.O.BOX: 29465
RIYADH: 11557
www.islamhouse.com

## Аса Рақымды, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын!

Әлемдердің Раббысы Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақ тән, біз Оны мадақтаймыз, Одан көмек сұраймыз, Одан кешірім сұраймыз және нәпсіміздің жамандықтары, амалдарымыздың кесірінен пана сұраймыз.Аллаһ Тағала кімді тура жолға салса, оны ешкім де адастыра алмайды. Ал енді кімді адастырса, оны ешкім де тура жолға сала алмайды.Серігі жоқ, Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық құдай жоқ екендігіне куәлік етемін,және Мұхаммед Оның құлы және елшісі, таңдағаны, досы және жаратқандардың ішіндегі ең жақсысы екендігіне куәлік етемін.Аллаһ оны тура жол, хақ дінмен Қиямет сағатының алдында қуантушы және ескертуші ретінде жіберді. Ол болса, Аллаһтың жолдауын жеткізіп, аманатын орындап, үмметіне насихат етіп, айқындық көргенше дейін Аллаһтың хақ жолында күресті.Оған, оның жанұясына, саһабаларына және оның жолына Қиямет күніне дейін ықыласпен ерушілерге Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын. Сонан кейін:

Шын мәнінде, көптеген адамдардың қалдарын байқайтын кісі таң қаларлық жағдайды көреді. Ол қандай жағдай? Ол, адамдар өздерінің сыртқы келбеттерін неше түрлі көркемдеу, безендіру, әдемілеу заттарын қолданып әдемілетіп, оған тым көп көңіл бөліп, сол уақытта өздерінің ішкі дүниелерін жөндеп көркемдеудің орнына, толықтай елемеушілік және көңіл бөлмеушілік танытулары. Ал, жүрек, ішкі жан дүниені өзгерпеумен, бүтіндей алаңғасарлық танытып, таза сыртқы көріністерін көркемдеу үшін қанша уақыт, күш-жігер кетеді? Ал қаншама адам осы тек келбеттерін ғана ойлап о дүниеге аттанып кетті. Мұнафиқтар туралы еске алған Аллаһ Тағала былай деп шын айтыпты:

﴿۞ وَإِذَا رَأَيۡتَهُمۡ تُعۡجِبُكَ أَجۡسَامُهُمۡۖ وَإِن يَقُولُواْ تَسۡمَعۡ لِقَوۡلِهِمۡۖ كَأَنَّهُمۡ خُشُبٞ مُّسَنَّدَةٞۖ يَحۡسَبُونَ كُلَّ صَيۡحَةٍ عَلَيۡهِمۡۚ هُمُ ٱلۡعَدُوُّ فَٱحۡذَرۡهُمۡۚ قَٰتَلَهُمُ ٱللَّهُۖ أَنَّىٰ يُؤۡفَكُونَ ٤﴾ [المنافقون: 4]

**"(Мұхаммед) оларды көрген кезде, тұлғалары сені таңырқатады. Олар сөйлесе, сөздерін тыңдайсың. Олар, бейне, қаланған қуыс дөңбек**

**сияқты. Сондай-ақ олар, әрбір шыққан дауысты өздеріне жориды. (Өз қылықтарынан үрейленеді.) Олар дұшпан. Сондықтан олардан сақтан. Оларды Аллаһ типыл қылсын. Қайда адасып, бара жатыр?"(Мунафиқун: 4).**

Бұл келбеттері сұлу, сөздері керемет болғандардың қалы. Мындай қалыптары оларды пайдасыз бір тұрған ағаш секілді қылды. Ал бұл іші жоқ тек сырты ғана бар, түсініктері жоқ тек денелері ғана бар дүниедегі қалыпты мүмін өзіне қаламайды. Керісінше, мүміннің иманы тек ішкі жан дүниесін жетілдіріп, жүрегін тазартып, жақсартумен ғана толық бола алады. Жүрегі пасық, іші ұсқынсыз адамды, сыртқы әдемілігі мен көркемділігі құтқара алмайды. Әдеміліктері, көркем күйлері оларды алдап, оны соңдары да сондай болатынына дәлел еткендерге Аллаһ Тағала жауап ретінде былай деді:

﴿وَكَمۡ أَهۡلَكۡنَا قَبۡلَهُم مِّن قَرۡنٍ هُمۡ أَحۡسَنُ أَثَٰثٗا وَرِءۡيٗا ٧٤﴾ [مريم: 74].

**"Бұлардан бұрынғы нәсілден талайды жоқ еттік. Олар, дүниелікте әрі көріністе бұлардан артық еді"(Мәриәм: 74).**

Келбеттері мыналардан да көркем, мал-мүліктері мыналардан да көп, бет пішіндері мыналардан да сұлу болғанымен де, олардың осылай қуанып жүргендері оларды құтқарған жоқ және Аллаһ Тағала оларды жоқ еткенін хабарлады.

﴿أَفَلَمْ يَسِيرُوا۟ فِى ٱلْأَرْضِ فَيَنظُرُوا۟ كَيْفَ كَانَ عَـٰقِبَةُ ٱلَّذِينَ مِن قَبْلِهِمْ ۚ كَانُوٓا۟ أَكْثَرَ مِنْهُمْ وَأَشَدَّ قُوَّةً وَءَاثَارًا فِى ٱلْأَرْضِ فَمَآ أَغْنَىٰ عَنْهُم مَّا كَانُوا۟ يَكْسِبُونَ ﴿٨٢﴾﴾ [غافر: 82].

**"Олар жер жүзінде кезбеді ме? Сонда өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрер еді. Олар, бұлардан көп және күшті әрі жер жүзінде қалдырған деректері мықты еді. Сонда да табыстары олардың істеріне жарамады"(Ғафир: 82).**

Қиямет күні және осы дүниедегі жеңістің негізі және тірегі ол - ішкі дүниенің әсем болуы және жүректің амандығы. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿يَٰبَنِيٓ ءَادَمَ قَدۡ أَنزَلۡنَا عَلَيۡكُمۡ لِبَاسٗا يُوَٰرِي سَوۡءَٰتِكُمۡ وَرِيشٗاۖ وَلِبَاسُ ٱلتَّقۡوَىٰ ذَٰلِكَ خَيۡرٞۚ ذَٰلِكَ مِنۡ ءَايَٰتِ ٱللَّهِ لَعَلَّهُمۡ يَذَّكَّرُونَ ٢٦﴾ [الأعراف: 26]

**"Әй адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік-бұйым түсірдік. Негізінде тақуалық киімі жақсы. Солар Алланың белгілері. Әрине түсінерсіңдер"(Әл-Ағраф: 26).**

Бұл аятта Аллаһ Тағала тақуалық киімі көрнекінің әдемілгінен қандай сәнді киім кисе де не басқа нәрселермен сәндессе де әлде қайда жақсы екенін хабарлады. Ал енді пенде ол тақуалық киімімен сәндενгісі келсе, онда оған жүрегін түзеп, оны тазартып, жақсартуға тура келеді. Себебі, тақуалықтың орналасатын жері ол - жүрек. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿ذَٰلِكَۖ وَمَن يُعَظِّمۡ شَعَٰٓئِرَ ٱللَّهِ فَإِنَّهَا مِن تَقۡوَى ٱلۡقُلُوبِ ٣٢﴾ [الحج: 32]

**«Кім Аллаһтың белгілерін ұлықтаса; күдіксіз ол, жүректің тақуалығынан»(Хаж сүресі, 32 аят).**

Мында, Аллаһ Тағала дін салт жораларын, Ислам шариғаттарын ұлықтауды тақуалықтың пенде

жүрегінде орналасқанына дәлел етіп отыр. Муслимнің "Сахих" кітабында Әбу Зарр (оған Аллаһ разы болсын) былай дейді: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің Раббысынан риуаят етіп былай дейді: **"Ей, құлдарым, егер де біріншілерің және соңғыларың, адам не жындарың, сендерден жүрегі ең тақуа адамның дәрежесінде болсаңдар да, бұл Менің мүлкіме еш нәрсе қоспас еді. Ей, құлдарым, егер де біріншілерің және соңғыларың, адам не жындарың, сендерден жүрегі ең пасық адамның дәрежесінде болсаңдар да, бұл Менің мүлкімнен еш нәрсе азайтпаушы еді"** .

Бұл хадис тақуалықтың негізі ол жүректің тақуалығы екенін дәлелдейді. Және пасықтықтың негізі жүректің пасықтығы екеніне дәлел болады. Бұл туралы Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пасықтық және тақуалықтың орналасқан жерлері жүрек дегені бар. Ол сөзі Имам Муслимнің "Сахих" кітабында Әбу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткізіледі: "Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты емн сәлемі болсын) былай деді:

**"Тақуалық міне осында, тақуалық міне осында, тақуалық міне осында"** , - деп кеудесін меңзеді (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)".Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) кеудесіне меңзеді, себебі, ол жүректің орналасқан жері, ал жүрек тақуалық пен оның негізі орналасытын жер.Ей, құрметті бауырым, шын мәнінде, жүрегіңнің орны жоғары, дәрежесі зор. Оны түзету үшін Аллаһ Тағала кітаптар түсірді, оны тазартып, жақсартып, тазалау үшін елшілер жіберді.Аллаһ Тағала былай деп айтты:

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ قَدۡ جَآءَتۡكُم مَّوۡعِظَةٞ مِّن رَّبِّكُمۡ وَشِفَآءٞ لِّمَا فِي ٱلصُّدُورِ وَهُدٗى وَرَحۡمَةٞ لِّلۡمُؤۡمِنِينَ ٥٧﴾ [يونس: 57]

**"Әй адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа, сенушілер үшін тура жол және рахмет (түрінде Құран) келді"(Юнус: 57).**

Және Аллаһ Тағала былай деді:

﴿لَقَدۡ مَنَّ ٱللَّهُ عَلَى ٱلۡمُؤۡمِنِينَ إِذۡ بَعَثَ فِيهِمۡ رَسُولٗا مِّنۡ أَنفُسِهِمۡ يَتۡلُواْ عَلَيۡهِمۡ ءَايَٰتِهِۦ وَيُزَكِّيهِمۡ وَيُعَلِّمُهُمُ ٱلۡكِتَٰبَ وَٱلۡحِكۡمَةَ ...﴾ [آل عمران: 164]

**"Расында Аллаһ мүміндерге қамқорлық етіп, олардың ішіне өздерінен, оларға Аллаһ аятын оқитын, оларды тазартатын және оларға Кітап, хикмет үйрететін елші жіберді. Өйткені, олар бұрын ашық адасуда еді"(Әли Имран, 164).**

Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келген нәрселердің ең маңыздысы ол жүректерді түзету. Осыған орай, егер жүректерді салиқалы етіп, оны тазарту керек болса, онда тек қана пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жолымен ғана іске асырылады.

Жүректі күтудің тағы бір маңыздылығы: жүрек ол - сол биязы кесек ет, Аллаһ Тағала Өзінің даналығы мен білімімен таңдап, Өзінің нұры орналасқан жері етіп, хиядаятының орны етті. Осыған байланысты Аллаһ Тағала кітабында мынандай мысал келтіреді:

﴿۞ ٱللَّهُ نُورُ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلۡأَرۡضِۚ مَثَلُ نُورِهِۦ كَمِشۡكَوٰةٖ فِيهَا مِصۡبَاحٌۖ ٱلۡمِصۡبَاحُ فِي زُجَاجَةٍۖ ٱلزُّجَاجَةُ كَأَنَّهَا كَوۡكَبٞ دُرِّيّٞ يُوقَدُ مِن شَجَرَةٖ مُّبَٰرَكَةٖ زَيۡتُونَةٖ لَّا شَرۡقِيَّةٖ وَلَا غَرۡبِيَّةٖ يَكَادُ زَيۡتُهَا يُضِيٓءُ وَلَوۡ لَمۡ تَمۡسَسۡهُ نَارٞۚ نُّورٌ عَلَىٰ نُورٖۚ يَهۡدِي ٱللَّهُ لِنُورِهِۦ مَن يَشَآءُۚ وَيَضۡرِبُ ٱللَّهُ ٱلۡأَمۡثَٰلَ لِلنَّاسِۗ وَٱللَّهُ بِكُلِّ شَيۡءٍ عَلِيمٞ ٣٥﴾ [النور: 35]

**"Аллаһ көктер мен жердің нұры. Оның нұрының мысалы: Ішінде жарық бар қуыс (немесе қуыста жанған жарық) сияқты. Жарық әйнектің ішінде. Ал әйнек; бейне інжудай бір жұлдыз. Шығыста батыста болмаған берекетті зәйтін майымен тамызылады. Тіпті от тимей-ақ оның майы жарық бергелі тұр. Нұр үстіне нұр. Аллаһ қалаған кісісін өз нұрына бөлейді. Аллаһ адамдарға өстіп мысал береді. Аллаһ әр нәрсені толық білуші".(Нұр: 35).**

Жүрек - білімнің орталығы. Жүрекпен пенде Раббысын танып-біледі, онымен Аллаһтың көркем есімдері мен сипаттарын таниды, және онымен Аллаһтың шариғи аяттарын терең түсінеді. Аллаһ Тағала айтқандай:

﴿أَفَلَا يَتَدَبَّرُونَ ٱلۡقُرۡءَانَ أَمۡ عَلَىٰ قُلُوبٍ أَقۡفَالُهَآ ٢٤﴾ [محمد: 24]

**"Әйтпесе олар, Құранды түсінбей ме? Немесе олардың жүректері құлыптаулы ма?"(Мұхаммед: 24).**

Яғни, ойлану мен терең түсінуге кедергі болатын жүректерінде құлыптар бар ма? Және жүрекпен ішкі жан дүние мен жер жүзі дүниеде Аллаһтың жиһандық жарату белгілерін терең түсіну іске асырылады. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿أَفَلَمۡ يَسِيرُواْ فِي ٱلۡأَرۡضِ فَتَكُونَ لَهُمۡ قُلُوبٞ يَعۡقِلُونَ بِهَآ أَوۡ ءَاذَانٞ يَسۡمَعُونَ بِهَاۖ فَإِنَّهَا لَا تَعۡمَى ٱلۡأَبۡصَٰرُ وَلَٰكِن تَعۡمَى ٱلۡقُلُوبُ ٱلَّتِي فِي ٱلصُّدُورِ ٤٦﴾ [الحج: 46]

**"Олар жер жүзінде кезіп жүрмеді ме? Сонда олардың түсінер жүректері және естір құлақтары болса еді. Негізінен көздері соқыр емес. Бірақ көкіректеріндегі жүректері соқыр".(Хаж: 46).**

Аллаһ Тағала ішкі жан дүние мен жер жүзі дүниеде Аллаһтың жиһандық жарату белгілерінен пайда алу ол тек қана жүректің данышпандылығы мен көрегейлігі.

Жүректі күтудің тағы бір маңыздылығы: жүрек ол - пенденің Ақырет сапарын өтейтін сол бір көлік құралы секілді, себебі, Аллаһ Тағала апаратын жол - дененің жолы емес, жүректің жолы.

Оған апаратын жолды өтеу жүрекпенен,Көлікпен емес, аттың үстіндегі ерменен Әл-Бұхаридің Әнәстан, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, жеткізген хабарында, оның былай деп айтқаны келтіріледі:"Біз Пайғамбармен, оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын, Табук соғысынан қайтып келе жатқанымызда, ол былай деді: **"Шындығында, біздің артымызда, Мединада орынды себептермен қалған адамдар бар, бірақта олар біз қайсы бір таулы жолмен жүрсек те, қай бір қырдан ассақ та олар бізбен бірге болды"** ".Ал Муслимнің риуаятында, Жәбір (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: **"Олар сендермен бірге сауап алады, оларды ауру ұстап қалды"** .

Саһабалардың бұл қауымы, денелері Мединада шариғи себеп не ауру себепті қалып қойды. Ол соғысқа Аллаһ елшісімен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өздерінің денелерімен шыға алмаса да, бірақ-

та, жүректерімен, ықыластарымен шықты. Олар Аллаһ елшісімен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) рухтарымен бірге, муһажирлермен бүкіл жан ықыластарымен бірге, ал бұл болса жүректің (жиһады) күресінен болып саналады.

Ибн әл-Қайим (оған Аллаһтың рақымы болсын) былай деді: "Бұл жүректің күресі. Ал жүректің күресі, жалпы Аллаһ жолындағы күрестің төрт дәрежесінің бірі: 1) жүрек; 2) тіл; 3) мал-мүлік; 4) дене. Мына хадисте айтылғандай: **"Көпқұдайшылармен тілдеріңмен, жүректеріңмен, мал-мүліктеріңмен күресіңдер""**.Мединада бір себептермен және ауру себебімен шыға алмай қалған саһабалар және нәпсілерімен, мал-мүліктерімен шыққан саһабалар сауапта бірдей болады. Бұл Аллаһтың кімге қаласа соған беретін сыйы. Аллаһ Тағалаға ұмтылу, шын мәнінде, амал үзірмен қалып бара жатса да, ой-ықыласпен, шынайы ниетпен және табанды мақсатпен болады.Ибн Ражап (оған Аллаһтың рақымы болсын) былай дейді:"Артықшылық денемен жасалатын амалдармен емес, тек қана ол амалдар Аллаһ Тағалаға шын ықыласпен жасалса ғана, сүннетке

дұрыс еру және жүректердің көп білімі мен амалдарымен ғана болады".Осыған орай, Бәкр бин Абдулла әл-Музнидің (оған Аллаһтың рақымы болсын) Әбу Бакрдың басқа саһабалардан (Аллаһ оларға разы болсын) озып кетуінің сырын баян еткендегі сөзі осылайша келеді: "Әбу Бакр олардан көп ораза не көп намазбен емес, бірақ-та кеудесіндегі тұрақталған бір затпен озып кетті".Сенің жолындай нұсқаушы жол бер маған Баяу жүріп, бірінші болып келіп қалған Ей, берекелі бауырым, ақиқатында, тақуалық дене мүшелерінде емес, ол жүректе. Бұған дәлел әкелетін болсақ, ол Аллаһ Тағаланың құрбандық туралы айқан сөзі:

﴿لَن يَنَالَ ٱللَّهَ لُحُومُهَا وَلَا دِمَآؤُهَا وَلَٰكِن يَنَالُهُ ٱلتَّقْوَىٰ مِنكُمْۚ …﴾

[الحج: 37]

**«Ешқашан құрбанның еттері, қандары Аллаһқа үлгермейді (жетпейді) Бірақ сендердің тақуалықтарың үлгереді (жетеді)»(Хаж: 37).**

Жүректердің тақуалығы ғана Аллаһ Тағалаға жетеді, мына жерде айтқандай:

﴿.... إِلَيۡهِ يَصۡعَدُ ٱلۡكَلِمُ ٱلطَّيِّبُ وَٱلۡعَمَلُ ٱلصَّٰلِحُ يَرۡفَعُهُۥ ...﴾ [فاطر: 10].

**"Көркем сөз Аллаһ жаққа шығады. Сондай-ақ жақсы амал оны көтереді"(Фатыр: 10)** .

Бұл жердегі "амал", яғни жүрек тақуалығы, ол деген Одан басқа құдай жоқ Жалғыз Аллаһқа жүрек ғибадаты - Оны жақсы көріп, ұлықтау.Аллаһтың алдындағы артықшылық амалмен емес,Бәлкім, иманның ақиқатымен болады.Амалдардың үстемдігі тек қана,Дәлелге тірелген иесінің жүрегімен ғана болады.Тіпті, амал жасаушы екеуі де,Екі сатушы ретінде көрінеді,Бірақ-та екеуінің арасы,Жер мен көктей болады дәрежелері.Жүректі салиқалы етіп, оны тазартып, зиянды нәрселерден босатып, жақсы қасиеттермен толтырудың тағы бір маңыздылығы: Аллаһ Тағала пенделеріне қарағанда, жүректеріне қарайды. Әбу Һурайра (оған Аллаһ разы болсын): "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: "**Шындығында, Аллаһ Тағала сендердің денелеріңе, не сырт көріністеріңе қарамайды, бірақ Ол сендердің жүректеріңе қарайды"** .Иман мен күпірліктің, тура жол мен

адасушылықтың, салиқалық пен пасықтықтың негізі - пенденің жүрегіндегісі. Сол себепті, үммет ғалымдарының барлығы "егер пенденің кеудесінде исламы бар болып, жүрегі иманмен тыныштылса, ал біреулер оны мәжбүрлеп күпірлік сөзін айтқызып қойса, оның күпірлік сөзі саналмайды" деген көзқараста екен. Аллаһ Тағала былай деп айтқандай:

﴿مَن كَفَرَ بِٱللَّهِ مِنۢ بَعۡدِ إِيمَٰنِهِۦٓ إِلَّا مَنۡ أُكۡرِهَ وَقَلۡبُهُۥ مُطۡمَئِنُّۢ بِٱلۡإِيمَٰنِ وَلَٰكِن مَّن شَرَحَ بِٱلۡكُفۡرِ صَدۡرٗا فَعَلَيۡهِمۡ غَضَبٞ مِّنَ ٱللَّهِ وَلَهُمۡ عَذَابٌ عَظِيمٞ ١٠٦ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمُ ٱسۡتَحَبُّواْ ٱلۡحَيَوٰةَ ٱلدُّنۡيَا عَلَى ٱلۡأٓخِرَةِ وَأَنَّ ٱللَّهَ لَا يَهۡدِي ٱلۡقَوۡمَ ٱلۡكَٰفِرِينَ ١٠٧﴾ [النحل: 106-107]

**"Жүрегі иманнан орныққаннан кейін зорлық көрген біреуден басқа; біреу иман келтіргеннен кейін Аллаһқа қарсы келсе, сондай-ақ біреу көңілін имансыздыққа берсе, оған Аллаһтың ашуы және оларға зор азап бар"."Бұл жағдай, олардың дүниені ақыретке балап жақсы көрулерінің салдарынан. Шынында Аллаһ, қарсы болған елді оңғармайды".(Нахыл: 106-107).**

Тәпсір ғалымдары көпшілігінің сөзі бойынша, жоғарыдағы аят Аммар бин Ясир (оған Аллаһ разы болсын) үшін түсті. Ол ислам қабылдағаннан кейін оны мүшріктер қатты азаптап, қалағандарына жеткен болатын. Оларға күпірліктен қалағандарын беріп, пайғамбардан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бас тартқаннан кейін, ол кісі пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келіп, көзіне жас алған түрде болған жағдайды айтып зарланады. Айтқан сөзін тыңдап, пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мынандай сұрақ қояды: **"Жүрегіңді қандай күйде табасың?"**. Аммар: "Иманмен тыныштанған күйде", - деп жауап береді. Сонда пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **"Саған қуаныш және жеңілдік болсын. Олар қайтып келсе, сен де қайт. Мақтаулы және Ұлы Аллаһқа мақтау-мадақ болсын"**.

Жүректі күтудің тағы бір маңыздылығы: жүрек ол басында тәжі бар патша, ол артынан еритін басшы. Оның салиқалығы, оның амандығы және тура жолда болуы барлық жақсылықтың басы, Ақырет және

дүниенің құтылуының себебі. "Сахих" атты екі кітапта да келтірілген Нуғман бин Баширдің (ол екеуіне Аллаһ разы болсын) хадисінде: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:"**Расында, денеде бір кесек ет бар, ол түзу болса, қалған дене бүтіндей түзеледі, ол бұзылса, қалған дене түгелімен бұзылады. Ол – жүрек"**.Бұл деген, жүректің ғибадаты (құлшылығы) барлық ғибадаттар оның үстіне құралатын негіз екенін, тәннің салиқалы болғаны жүректің салиқалығына тоқталатынын айқын көрсетеді. Егер жүрек тақуалық пен иманмен түзелсе, тән де бойсұнушылық пен бағынумен түзеледі. Имам Ахмад Әнәс (оған Аллаһ разы болсын) хадисін риуаят етеді: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: **"Пенденің жүрегі түзелмейінше, иманы түзелмейді"**.Пенденің иманы, жүрегі түзеліп салиқалы болмайынша түзелмейді. Сондықтан да, Барлық нәрсені Білуші, бүкіл нәрседен Хабардар Аллаһ Тағала Қиямет күнгі құтылуды жүректің дұрыс, жақсы және аман болуына байлады. Аса құдіретті Аллаһ былай дейді:

﴿يَوۡمَ لَا يَنفَعُ مَالٞ وَلَا بَنُونَ ٨٨ إِلَّا مَنۡ أَتَى ٱللَّهَ بِقَلۡبٖ سَلِيمٖ ٨٩﴾
[الشعراء: 88-89]

**“Ол күні мал да, балалар да пайда бермейді”“Бірақ кім Аллаһқа сау жүрекпен келсе ғана (пайда береді)”.(Шуғара: 88-89)**.

Жүректі күтудің тағы бір маңыздылығы: жүректің ең назар аударарлық сипаттары және ең аңғарылатын ерекшеліктері ол - аударылушылық және өзгергіштік.

Адам адам болғаны үшін солай аталдыЖүрек деп өзгергіш үшін солай аталды.Жүрек - тез аударылады, тез төңкеріледі, және тез өзгереді. Имам Ахмад өзінің "Муснад" атты еңбегінде әл-Миқдад бин әл-Әсуадтың (Аллаһ оған разы болсын) хадисін келтіреді: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: **«Адам баласының жүрегінің құбылуы қазанда қатты қайнаған нәрсенің ары-бері аударылып-төңкерілуінен де тезірек»**Одан кейін әл-Миқдад: "Фитнадан алыс жүрген адам бақытты", - деп үш рет қайтарады. Бұл сөздерімен ол жүрек құбылуының себебі ол жүрекке әсер берген фитна екенін меңзейді. Сол себепті

пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ең көп жасалған дұғалары осындай болды: **“Иә жүректердің халін өзгертуші , менің жүрегімді Өзіңнің дініңде тұрақтат!”** /Йа Муқаллиба-ль-қулюби, саббит қальби 'аля дини-кә/".Имам Ахмадтың "Муснад" кітабында Умму Сәләманың (оған Аллаһ разы болсын) хадисі келтіріледі: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көп дұғасы мынандай болды: **“Иә жүректердің халін өзгертуші , менің жүрегімді Өзіңнің дініңде тұрақтат!”** /Йа Муқаллиба-ль-қулюби, саббит қальби 'аля дини-кә/".Және пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дұғаларынан мынандай да дұға болды: **"Я, Аллаһ, сенен таза жүрек сұраймын"**.Бұның барлығы жүрек жасаған күнә ұлы, пасықтығы қауіпті болғандықтан. Егер оны Аллаһ Тағаладан бір шалысу алыстатып жіберсе, соңы - мөрлеу, бітеу және өлім болады.Аллаһ Тағала былай деп айтты:

﴿كَذَٰلِكَ يَطۡبَعُ ٱللَّهُ عَلَىٰ قُلُوبِ ٱلَّذِينَ لَا يَعۡلَمُونَ ٥٩﴾ [الروم: 59]

**"Осылайша Аллаһ, білмегендердің жүректерін бітейді"(Рум: 59).**

Және Аллаһ Тағала айтты:

﴿أَفَرَءَيۡتَ مَنِ ٱتَّخَذَ إِلَٰهَهُۥ هَوَىٰهُ وَأَضَلَّهُ ٱللَّهُ عَلَىٰ عِلۡمٖ وَخَتَمَ عَلَىٰ سَمۡعِهِۦ وَقَلۡبِهِۦ وَجَعَلَ عَلَىٰ بَصَرِهِۦ غِشَٰوَةٗ فَمَن يَهۡدِيهِ مِنۢ بَعۡدِ ٱللَّهِۚ أَفَلَا تَذَكَّرُونَ ٢٣﴾ [الجاثية: 23]

**"(Мұхаммед) көңлі тартқанын тәңір жасап алған, сондай-ақ Аллаһ, өзін біліп адастырған және құлағын, жүрегін бітеп, көзіне қалтқы жасаған біреулерді көрдің ме? Енді Аллаһтан кейін оны тура жолға кім салады? Түсінбейсіңдер ме?"(Жәсия: 23).**

Бұның барлығы жүректің дәрежесі мен орны, қауіпі қандай екенін, Ақыретте де дүниеде де адамға қандай әсері бар екенін көрсетеді.

Бұл кішкентай кесек ет бір мезетке тоқталып, оған көз салып ойлануға лайықты емес пе?

Бұл жүрекке тоқталып, оны сынап, дәйектеуге лайық емес пе?

Бұл жүрекке тоқталып, оны тексеріп, оған сынақ-емтихан жасауға лайық емес пе?

Ол тоқтауларда кеудеңді не қамтитыны, жүрегіңде не тұрақталғаны туралы, бүкіл сырлар жария етілетін, адам ішіндегі жасырылғандар көрінетін күннен бұрын хабардар боласын.

﴿۞ أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعْثِرَ مَا فِي ٱلْقُبُورِ ۝٩ وَحُصِّلَ مَا فِي ٱلصُّدُورِ ۝١٠ إِنَّ رَبَّهُم بِهِمْ يَوْمَئِذٍ لَّخَبِيرٌ ۝١١﴾ [العاديات: 9-11]

**"Ал олар білмей ме? Қабірдегілер қопарылып шығарылған кезде""Көкіректегілер ашыққа шығарылатын сәтте""Ол күні Раббылары толық хабар алушы" (Адият: 9-11).**

Құрметті бауырым, жүрегіңді жалықпай, шаршамай түзеп, оған жақсы қарап, оны сақтауға тырыс. Жүрегің - дене мүшелеріңнің қауіпі мол, әсері зор, жағдайы жіңішке, және түзетудің ең қиыны.

Ал енді мынаны біліп қой, жүректі түзетіп оны тура жолға салу - оны аурулардан тазартып, оны бұзатын әр түрлі зиян нәрселерден сақтаумен ғана болады.

Бұл аурулар мен зиянды нәрселер бес апатқа оралады. Олар болса барлық ауру мен пәлелердің негіздері. Олардан аман қалғандар құтылғандар.

Егер мыналардан аман қалсаң, ұлы нәрселерден құтылғаның,Ал олардан аман қалмасаң, сені құтылды деп айта алмаймын.Бірінші апат: Аллаһ Тағалаға серік қосу (ширк), оның ашық және жасырын, кіші және үлкен түрлері. Шын мәнінде, ширк - үлкен зұлымдық. Ол бүкіл жамандық пен жауыздықтың негізі. Онымен жүрек зұлымдық жасап, өледі де құриды.

﴿فَمَن يُرِدِ ٱللَّهُ أَن يَهْدِيَهُۥ يَشْرَحْ صَدْرَهُۥ لِلْإِسْلَٰمِ ۖ وَمَن يُرِدْ أَن يُضِلَّهُۥ يَجْعَلْ صَدْرَهُۥ ضَيِّقًا حَرَجًا كَأَنَّمَا يَصَّعَّدُ فِى ٱلسَّمَآءِ ۚ كَذَٰلِكَ يَجْعَلُ ٱللَّهُ ٱلرِّجْسَ عَلَى ٱلَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ ١٢٥﴾ [الأنعام: 125]

**"Сонда Аллаһ, кімді тура жолға салуды қаласа, Ислам үшін оның көңілін кеңітеді. Және біреуді адастырғысы келсе, оның көңілін көкке шығарып бара жатқандай өте тарайтады. Өстіп Аллаһ, иман келтірмегендерді қорлайды".(Әнғам: 125).**

Және Аллаһ Тағала айтады:

﴿ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ وَلَمۡ يَلۡبِسُوٓاْ إِيمَٰنَهُم بِظُلۡمٍ أُوْلَٰٓئِكَ لَهُمُ ٱلۡأَمۡنُ وَهُم مُّهۡتَدُونَ﴾ [الأنعام: 82]

**"Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне соларда сенімділік бар. Және олар тура жолға түсірілгендер".(Әнғам: 82).**

Шынайы иман келтіріп, имандарын ширкпен араластырмаған мүміндер, оларға әлемдердің Раббысынан толыққанды амандылық және толық һидает болады. Аса құдіретті Раббымыз былай дейді:

﴿سَنُلۡقِي فِي قُلُوبِ ٱلَّذِينَ كَفَرُواْ ٱلرُّعۡبَ بِمَآ أَشۡرَكُواْ بِٱللَّهِ مَا لَمۡ يُنَزِّلۡ بِهِۦ سُلۡطَٰنٗاۖ وَمَأۡوَىٰهُمُ ٱلنَّارُۖ وَبِئۡسَ مَثۡوَى ٱلظَّٰلِمِينَ﴾ [آل عمران: 151]

**"Ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаға ортақ қосулары себепті кәпірлердің жүректеріне қорқу саламыз"(Әли Имран: 151).**

Серігі жоқ Жалғыз Аллаһты бір деп білу (тәухид) болмаса, жүрекке амандық та салиқалық та жоқ. Адамның жүрегінде шынайы тәухид пен дұрыс сенім

қаншалықты мөлшерде болса, соншалық кеудесінің амандығы мен жүрегінің салиқалылығы болады.

Ақиқатында, жүрек өзінің Жаратушысын тану, Оны жақсы көру және Оны бір деп білу, Жаратушысы ол үшін сүйіктілерінің ең сүйіктісі болып, жақындарының ішінде ең жақыны болуы үшін жаратылған. Жүректің салиқалы болуы - ол өзінің не үшін жаратылғанына (Аллаһты тану, Оны жақсы көру, Оны ұлықтау) қол жеткізу және бұған қарама-қарсы нәрселерді жою. Жүректі салиқалы ету тек осы жолмен ғана іске асады.

Екінші апат: сүннетке қарсы келу және дінге жаңалық енгізу (бидағат). Бидағат оны істеуші адамға Аллаһ Тағаладан алыстауды ғана қосады. Ол жүректерді бұзып, тазартатын және пайда беретін нәрселерден босатады. Жолдардың ең жақсысы - Мұхаммедтің жолы (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын). Істердің ең жаманы - діндегі жаңалық, ал әрбір діндегі жаңалық - бидағат, әрбір бидағат - адасушылық. Егер жүрек бидағаттарға толы болса, демек, оған зұлымдық жасалды. Оның ұғымы өзгеріп, амандықтан құр қалады. Сол себепті, бұрынғы ғалымдардың бидағат иелерімен бірге жүруден,

олармен дос болудан тыятын көптеген сөздері бізге жетті. Мұндай достық жүректің бұзылуына апаратынын ескерткен.

Фудайл бин Ғияд (оған Аллаһтың рахыметі болсын) былай деген:"Кімде-кім бидағат иесімен отырса, Аллаһ Тағала оған соқырлық мирас етеді.Яғни, жүректің соқырлығын, Аллаһтан бұдан пана сұраймыз".Егер сен науқас болмай, сырқаттыны жақындатсаң,Және оған дос болсаң, онда сенің де сырқатты болғаның.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жүректі оның ауруларының үлкендерінің бірі болып саналатын нәпсіге еру мен дұшпандылықтан тазаруының себептерінен мұсылман жамағаттарынан қол үзбей жүруді айтқан. Бұл деген олардан бидағат, адасушылық, ағым, бөліну дегендермен бөлініп кетпеу.

Үшінші апат: құмарлыққа еру және жаман істерде бату.

Жаман істер мен құмарлық - жүрек бұзылуы мен құруының үлкен себептерінің бірі болып саналады.

Аллаһ Тағаланың құмарлықты жақсы көрудің әсері туралы баян етіп айтқан сөзі:

﴿أَفَرَءَيْتَ مَنِ ٱتَّخَذَ إِلَٰهَهُۥ هَوَىٰهُ وَأَضَلَّهُ ٱللَّهُ عَلَىٰ عِلْمٍ وَخَتَمَ عَلَىٰ سَمْعِهِۦ وَقَلْبِهِۦ وَجَعَلَ عَلَىٰ بَصَرِهِۦ غِشَٰوَةً فَمَن يَهْدِيهِ مِنۢ بَعْدِ ٱللَّهِ ۚ أَفَلَا تَذَكَّرُونَ ﴿٢٣﴾﴾ [الجاثية: 23]

**"(Мұхаммед) көңлі тартқанын тәңір жасап алған, сондай-ақ Аллаһ, өзін біліп адастырған және құлағын, жүрегін бітеп, көзіне қалтқы жасаған біреулерді көрдің ме? Енді Аллаһтан кейін оны тура жолға кім салады? Түсінбейсіңдер ме?"(Жәсия: 23).**

Міне, қарашы, құмарлыққа еру (көңілге тартылу) жүректің бітеуіне себеп болғанына. Одан кейін, бұл жүректегі бітеу және жамылғы басқа дене мүшелеріне қандай әсер беретініне қара, ойлан және терең түсін:

﴿....وَجَعَلَ عَلَىٰ بَصَرِهِۦ غِشَٰوَةً فَمَن يَهْدِيهِ مِنۢ بَعْدِ ٱللَّهِ ۚ أَفَلَا تَذَكَّرُونَ ﴿٢٣﴾﴾ [الجاثية: 23]

**"Көзіне қалтқы жасаған біреулерді көрдің ме? Енді Аллаһтан кейін оны тура жолға кім салады? Түсінбейсіңдер ме?"(Жәсия: 23).**

Я, жүрегінің амандығын тілеген жан, сақтан! Жүрек ауруы құмарлықтан сақтан! Себебі, ол жұт пен құрдым жерге апарады.Аллаһ Тағала былай деді:

﴿كَلَّاۖ بَلۡۜ رَانَ عَلَىٰ قُلُوبِهِم مَّا كَانُواْ يَكۡسِبُونَ١٤﴾ [المطففين: 14]

**"Жоқ, бәлкім олардың жүректерін істеген қылықтарының таты басты".(Мутаффифин: 14).**

Күнәлар жүректі соқыр қылады. Соңы жаман болатын күнәлардан сақтан! Сақтан!Күнәлар өлтірген жүректі көрдімОларға бату қорлық боларКүнәларды тастау - жүрек өміріНәпсіңнен бас тартсаң жақсы болар.Имам Муслим Хузайфа бин әл-Йаман (оған Аллаһ разы болсын) хадисін риуаят етеді: "Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін естіттім: "**Жүрекке фитналар қоршап алып қайта-қайта келе береді. Қандай да бір жүрек оған көнсе, жүрегінде бір қара дақ пайда болады. Ал қандай да бір жүрек одан бет бұрса,**

**жүрегінде ақ түсті дақ пайда болады. Осылайша, бірі жып-жылтыр ақ бола беріп, оған жер мен көктей болса да ешқандай фитналар зиян келтірмейді. Ал екіншісі қара түсі бірте-бірте өзгерген балшықтан жасалған төңкерілген ыдыс сияқты, жақсылық не екенін танымай, жамандықтан бет бұрмай, нәпсісіне ғана ереді"**
.Күнәлар жүректі жан-жақтан қоршап алады. Егер адам өзінің нәпсісіне еріп күнә жасаса, оның жүрегіне әрбір жасаған күнәсіна сәйкес зұлмат кіреді. Тәубе жасамай, сол күнәні істей берсе, жүрегіндегі зұлматтар көбее беріп, адасушылығы артады, бақытсыздық орын алады. Апатты күнәларға батып, оны да сезбей қалады. Адамның жүзіне дейін көтерілгенше жүрегінің қараңғылығы күшейіп, ол қараңғылықты әрбір адам көре алатындай болады. Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) былай дейді:"Шын мәнінде, жақсы амал - жүректегі нұр, жүздегі сәуле, денедегі күш, ризықтағы молшылық, жаратылғандар жүректеріндегі махаббат. Ал жаман іс - жүректегі қараңғылық, жүздегі қаралық, денедегі әлсіздік, жаратылғандар жүректеріндегі жеккөрушілік".Бұның барлығын пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде

айтқан ақ түс және қараңғылықты осы дүниеде терең білімдері барлар сезіне алса, адамдардың ішіндегісі сыртқа шығып, құпиялары ашылатын Қиямет күні ешқандай көлеңкесі болмай, еш нәрсемен араласпай, ап-анық, толық түрде ол қараңғылық сол адамдардың беттерінен көрініп тұрады. Аллаһ Тағала айтқандай:

﴿وَيَوۡمَ ٱلۡقِيَٰمَةِ تَرَى ٱلَّذِينَ كَذَبُواْ عَلَى ٱللَّهِ وُجُوهُهُم مُّسۡوَدَّةٌۚ أَلَيۡسَ فِي جَهَنَّمَ مَثۡوٗى لِّلۡمُتَكَبِّرِينَ ٦٠ وَيُنَجِّي ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ٱتَّقَوۡاْ بِمَفَازَتِهِمۡ لَا يَمَسُّهُمُ ٱلسُّوٓءُ وَلَا هُمۡ يَحۡزَنُونَ٦١﴾ [الزمر: 60-61].

**"(Мұхаммед) қиямет күні Аллаға өтірік айтқандардың беттері қап-қара болғанын көресің. Менменсігендердің орны тозақ емес пе?""Аллаһ тақуаларды табысты болғандықтары себепті құтқарады. Оларға жамандық тиіспейді де олар күйзелмейді"(Зумар: 60-61).**

Және Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿يَوۡمَ تَبۡيَضُّ وُجُوهٞ وَتَسۡوَدُّ وُجُوهٞۚ فَأَمَّا ٱلَّذِينَ ٱسۡوَدَّتۡ وُجُوهُهُمۡ أَكَفَرۡتُم بَعۡدَ إِيمَٰنِكُمۡ فَذُوقُواْ ٱلۡعَذَابَ بِمَا كُنتُمۡ تَكۡفُرُونَ١٠٦ وَأَمَّا ٱلَّذِينَ ٱبۡيَضَّتۡ وُجُوهُهُمۡ فَفِي رَحۡمَةِ ٱللَّهِۖ هُمۡ فِيهَا خَٰلِدُونَ١٠٧﴾ [آل عمران: 106-107]

**"Қиямет күні кей беттер ағарып, кей беттер қараяды. Сонда қара беттерге: «Иман келтіргеннен кейін қарсы келдіңдер ме? Ендеше, қарсы келулерің себепті азапты татыңдар!»,- (делінеді)""Ал енді ақ жүзділер, Аллаһтың рахметінде болады да, олар онда мәңгі қалады"(Әли Имран: 106-107).**

Ақиқатында, күнәлардың барлығы, кішісі болсын, үлкені болсын жүректі бұзып, тазалығын ластайды. Сол себепті, Аллаһ Тағала оларды тәрк етуге әмір беріп, былай дейді:

﴿وَذَرُواْ ظَٰهِرَ ٱلۡإِثۡمِ وَبَاطِنَهُۥٓ...﴾ [الأنعام: 120]

**"Күнәнің көрнеуін де көмесін де тастаңдар"(Әнғам: 120).**

Әрбір мүмінге көрнеу не көмес күнәні тастау міндет. Әсіресе жүрекке байланысты күнә мен қателерді. Себебі олардан болатын қаза қатты және әсері тым үлкен.

Бұл күнәлардан: жақсы амалдарды жоқ қылатын көзбояушылық; амалдарды ағып кеткен шаңға айналдыратын өз-өзіне таң қалу күнәсі; жақсы

амалдарды жөнелтіп, жаман амалдарды көбейтетін қатты ашу, өшпенділік, көреалмаушылық.

Харам етілген нәрселерге қарау да жүректі бұзады, нұрын сөндіреді. Сол себепті, Аллаһ Тағала Өзінің мүмін пенделеріне көздерін сақтауға әмір беріп, былай дейді:

﴿قُل لِّلۡمُؤۡمِنِينَ يَغُضُّواْ مِنۡ أَبۡصَٰرِهِمۡ وَيَحۡفَظُواْ فُرُوجَهُمۡۚ ذَٰلِكَ أَزۡكَىٰ لَهُمۡۚ إِنَّ ٱللَّهَ خَبِيرُۢ بِمَا يَصۡنَعُونَ ٣٠﴾ [النور: 30]

**"(Мұхаммед) Мүміндерге айт: (Бөгде әйелдерге қараудан) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Бұл олар үшін өте жақсы. Рас Аллаһ, олардың не істегендерінен хабар алушы"(Нұр: 30).**

Және де, Аллаһ Тағаланың пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) саһабаларына оның әйелдерімен қалай сөйлесу керектігі туралы мегзеу бергендегі сөзі мынандай болды:

﴿...وَإِذَا سَأَلۡتُمُوهُنَّ مَتَـٰعٗا فَسۡـَٔلُوهُنَّ مِن وَرَآءِ حِجَابٖۚ ذَٰلِكُمۡ أَطۡهَرُ لِقُلُوبِكُمۡ وَقُلُوبِهِنَّۚ ...﴾ [الأحزاب: 53]

**"Егер пайғамбардың жұбайларынан бір нәрсе сұрасаңдар, далданың артынан сұраңдар; бұларың, сендердің де, олардың да жүректерінің тазалығы".(Әхзаб: 53).**

Кімде-кім көздерін харамнан сақтаса, Аллаһ Тағала оның орнына айқын түсінік және дұрыс, аман, мықты жүрек береді. Харам етілгендерге қарау, адам жүрегіне қатты күзеліс әкелуі мүмкін, ендеше, көзіңді одан сақта!

Жүректі бұзып, тазалығын ластайтын нәрселерден: музыкалық аспаптарды және әуендерді тыңдау. Музыкамен болатын әндерді тыңдау жүректі бұзады. Ибн Масъуд былай дейді:"Судан шөп қалай өскен сияқты, солай музыкалық әуендерден жүректе екіжүзділік өседі".Ән мен музыкалық аспаптар Аллаһ Тағала аяттары туралы ойлануды жүрекке ауыр қылады; құлағыңа Құран тыңдауды ауырлатады,

денеңе жақсылық жасау мен бойсұнушылықты қиындатады.Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَمِنَ ٱلنَّاسِ مَن يَشۡتَرِي لَهۡوَ ٱلۡحَدِيثِ لِيُضِلَّ عَن سَبِيلِ ٱللَّهِ بِغَيۡرِ عِلۡمٖ وَيَتَّخِذَهَا هُزُوًاۚ أُوْلَٰٓئِكَ لَهُمۡ عَذَابٞ مُّهِينٞ ٦﴾ [لقمان: 6]

**"Адамдардың түк білмесе де Алланың жолынан адастыру және тәлкекке алу үшін ертегіге айырбастап алғандар бар. Міне солар үшін қорлаушы азап бар".(Луқман: 6).**

Бұрынғы ғалымдардың бір емес, одан көбісі аяттағы "ертегі" деген сөзінің мағынасы "музыкалық әуендер" деген. Бұл пікірді тәпсіршілердің көбісі ұстанады.Ендеше, музыкалық аспаптар мен олармен болатын әуендерді тыңдаудан сақтан! Адамдардың көпшілігінің ахуалымен алданба, шынында, Аллаһ Тағала олар туралы айтқаны хақ:

﴿وَإِن تُطِعۡ أَكۡثَرَ مَن فِي ٱلۡأَرۡضِ يُضِلُّوكَ عَن سَبِيلِ ٱللَّهِۚ …﴾ [الأنعام: 116]

**"Егер сен жер жүзіндегі адамдардың көбіне көнсең сені Аллаһтың жолынан адастырады"(Әнғам: 116).**

Және мына сөздерді көбірек айт:"Я, АллаҺ Тағала! Су, қар және бұршақпен қателерімді жуып-шайып ете көр! Өйткені, қателер жүрекке кір, ластықты жүктейді. Ол тазартуға мұқтаж".

Төртінші апат: пендені адастырып, хаққа соқыр қылатын шүбәлар.

Шүбә, күмән - иманның ләззатын кетіретін, шайтанның уәсуәстарын қызықтыратын, Құраннан және сүннетен пайда алуға кетергі жасайтын, қатерлі, өлімге апаратын сырқат. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿... فَأَمَّا ٱلَّذِينَ فِي قُلُوبِهِمۡ زَيۡغٞ فَيَتَّبِعُونَ مَا تَشَٰبَهَ مِنۡهُ ٱبۡتِغَآءَ ٱلۡفِتۡنَةِ وَٱبۡتِغَآءَ تَأۡوِيلِهِۦۖ وَمَا يَعۡلَمُ تَأۡوِيلَهُۥٓ... ﴾ [آل عمران: 7]

**"Ал жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі"(Әли Имран: 7).**

Ондай адамдар Аллаһ Тағаланың кітабынан не пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен

сәлемі болсын) сүннетінен пайда алмайды. Өйткені, олар Құран мен сүннетті тура жолды табу үшін емес, басқаларға күмән, күдік тастау, басқаларды адастыру үшін көреді. Бұл әркімге шүбә мен оның иелерінен сақтануды міндеттейді. Шүбә жүректі жаулап, құрдымға апаратын күнәларға дейін жетектейді. Оның соңы не күпірлік не екіжүзділік болады.

Күмәндар жүрегін қоймай жаулайды---Олардың арасында өлмей батырмайды.

Күмәннан және оның иелерінен сақтан, оларды тыңдама, олардың кітаптарын оқыма, олармен отырма! Бірақ, Аллаһ Тағала әмір еткендей олармен қатынас:

﴿وَقَدْ نَزَّلَ عَلَيْكُمْ فِي ٱلْكِتَٰبِ أَنْ إِذَا سَمِعْتُمْ ءَايَٰتِ ٱللَّهِ يُكْفَرُ بِهَا وَيُسْتَهْزَأُ بِهَا فَلَا تَقْعُدُواْ مَعَهُمْ حَتَّىٰ يَخُوضُواْ فِي حَدِيثٍ غَيْرِهِۦٓ إِنَّكُمْ إِذًا مِّثْلُهُمْۗ إِنَّ ٱللَّهَ جَامِعُ ٱلْمُنَٰفِقِينَ وَٱلْكَٰفِرِينَ فِي جَهَنَّمَ جَمِيعًا ١٤٠﴾ [النساء: 140]

**"Расында сендерге Кітапта: “Аллаһтың аяттарына қарсы келінгендігін және ажуаланғандығын сендер естіген сәтте; олар бұдан басқа сөзге кірісkенше,**

**олармен бірге отырмаңдар; әйтпесе сендер де солар сияқты боласыңдар” деп үкім түсірді. Шәксіз Аллаһ мұнафықтармен кәпірлерді біртұтас тозаққа жинаушы"(Ниса: 140).**

Шүбә иелері Аллаһ аяттарымен жалғандық үшін ең үлкен айналысатындардың біреулері. Фудайл бин Ғияд (Аллаһ оған рақым етсін) былай дейді:

"Жүрегіңді бұзатын кісімен отырма, және нәпсісіне еруші адаммен отырма. Шын мәнінде, мен сен үшін Аллаһтың ашуынан қорқамын""Бұған таң қаларлық нәрсе жоқ. Себебі, шүбә иелері мүмінді Аллаһ және Оның елшісі хабарлаған нәрселеріне, дініне күмән келтіреді. Олар өздерінің жалған ойларымен, суық күдіктерімен, бұзық көзқарастарымен Аллаһтың кітабына және Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне қарсылығын безендіру үшін қатты тырысуда.

﴿...فَلَوْ صَدَقُوا۟ ٱللَّهَ لَكَانَ خَيْرًا لَّهُمْ ۝٢١﴾ [محمد: 21]

**«Егер Аллаһқа шыншыл болса, әрине олар үшін хайырлы болар еді»(Мухаммад: 21).**

Және Аллаһ Тағала айтты:

﴿أَفَلَا يَتَدَبَّرُونَ ٱلْقُرْءَانَۚ وَلَوْ كَانَ مِنْ عِندِ غَيْرِ ٱللَّهِ لَوَجَدُواْ فِيهِ ٱخْتِلَٰفًا كَثِيرًا﴿٨٢﴾﴾ [النساء: 82]

